

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
IMS OF LN GUMILYOV ENU  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE  
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ  
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»  
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ  
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

*Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының*

**ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТРУДЫ**

*Международной научно-практической конференции*

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ  
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ  
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

*Works of the international scientific- practical conference*

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS  
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE  
OF TURBULENCE»**

**1 часть**

**2015**

**Астана**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5  
Ә 52

### Редакция алқасы

*МАДИЯРОВА Д.М.* – төрағасы, э.ғ.д., профессор  
*РАХМЕТУЛИНА Ж.Б.* – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі  
*АХМЕТЖАНОВА С.Б.* - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты  
*АЗАТБЕК Т.А.* – э.ғ.д., профессор  
*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* – э.ғ.д., профессор  
*РАИМБЕКОВ Ж.С.* – э.ғ.д., профессор  
*ШАЛБОЛОВА У.Ж.* – э.ғ.д., профессор  
*КӘРІБАЕВ Ә.А.* - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»  
*СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.* - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры  
*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-551б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-551с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.551.

**ISBN 978-601-301-521-7**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

**ISBN 978-601-301-521-7**

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Ж.М. Бұлақбай, Е. Байболат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті, Астана қаласы, Қазақстан

Шет елдермен тұрақты экономикалық қарым-қатынасты орнатуға тырысқан Қазақстан Республикасы сыртқы инвестицияны тартуды көздеп, елдің тауарларының әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігінің кемшіліктеріне тап болып, экспорттық тауарларды шығаруда біраз кедергілер кездестірді. Осы таңдау елімізде жұмыс істеп жатқан әр түрлі шетелдік компаниялардың елге тигізер пайдасы мен тиімділігін алу мүмкіндіктеріне негізделеді.

Сыртқы экономикалық қызметтің мәні мен мағынасын анықтайтын өзекті элементтердің бірі мемлекет, экспорттық және импорттық тауарлар мен шет елдік инвестициялар ағымы болып табылады.

Шет елдермен тұрақты экономикалық қарым-қатынасты орнатуға тырысқан Қазақстан Республикасы сыртқы инвестицияны тартуды көздеп, елдің тауарларының әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігінің кемшіліктеріне тап болып, экспорттық тауарларды шығаруда біраз кедергілер кездестірді. Осы таңдау елімізде жұмыс істеп жатқан әр түрлі шетелдік компаниялардың елге тигізер пайдасы мен тиімділігін алу мүмкіндіктеріне негізделеді.

Сыртқы экономикалық қызметтің мәні мен мағынасын анықтайтын өзекті элементтердің бірі мемлекет, экспорттық және импорттық тауарлар мен шет елдік инвестициялар ағымы болып табылады. Сыртқы экономикалық қызмет деп сыртқы экономикалық байланыстың белгілі бір аспектісі, кәсіпорындар мен ұйымдардың дербес өндірістік-коммерциялық қызметінің саласы түсініледі. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу әр түрлі нысандар мен әдістерді қамтиды. Реттеудің негізгі нысандары мыналар болып табылады: сыртқы экономикалық қызметті қаржыландыру; салық салу; инвестициялау; сыртқы қарыз алу; сыртқы берешек; экспортты қаражаттандыру [1].

Мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатты қалыптастырушы факторлар:

- мемлекеттің ұлттық құрылымының біркелкілігі
- дамудың жаңа моделіне өту басқарудың авторитарлы формасынан демократиялық өту қажеттілігін тудырады, алайда дәстүрлі кеңістікте бұл мәселе жеңілдейді.
- нарықтық экономиканың болмауы, орта кластың болуы, экономиканың жаһандану стратегиясы
- ұлттық экономика даму динамикасын анықтау;
- әлемдік нарықтың монополизациялануының жоғары дәрежесі;
- халықаралық сауданың өзгеріп отыратын жүйесі;

- белгілі бір мемлекеттің басқа мемлекетке артықшылығы тиімді болатын елдің орналасуы және көрсеткіштері;

- табиғи климаттық жағдайлар, территория масштабы.

Барлық факторларды ұлттық, экономикалық, саяси, аймақтық деп топтастыруға болады.

Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу деп сыртқы экономикалық қызметті отандық өндірушілерді сыртқы бәсекеден қорғау арқылы ұлттық экономиканың мүддесін қорғайтын мемлекеттік іс-шаралардың жүйесін айтуға болады. Бұл реттеуге салық және кеден жүйелерін реттеу, валюталық операцияларды реттеу, импортқа тарифті емес әсер ету, экспортты ұлғайтуды ынталандыратын іс-шаралар кіреді. Сыртқы экономикалық қызметті реттеудің мақсаттарына:

- нарықтық экономиканы қалыптастыру және тұрақтандыру үшін сыртқы экономикалық байланыстарды пайдалану;

- сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға нарыққа шығуға, мемлекеттік,

- ұйымдастырушылық және ақпараттық жағдай жасау;

-Қазақстандық нарық пен мүдделерін қорғау;

-мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынаста елдің имиджін

жоғарылату;

-қатысушыларға (субъектілерге) құқықтық жүйе кепілдігін беру.

ҚР сыртқы экономикалық қызметтің заңнамалық қалыптасу мерзімін 3 кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең 1990-1994 жж. құрайды, екінші кезең 1995-2000 жж. құраса, үшінші кезең 2001-2006 жылдарды қамтиды. Бірінші кезең, мемлекеттің үкіметі деңгейінде біршама сырқы экономика жағдайының дамуына қатысты заңдар мен қаулылар, және оны жүргізудің нормативті құқықтық негіздері қабылданды. Бұл кезеңдер сыртқы экономикалық қызметті реттеуге байланысты Үкімет пен ведомстволық құжаттарды қамтитын заңнамалық базаны қамтиды. Халықаралық экономикалық интеграция. Экономикалық интеграцияның алғышарттары және мақсаттары. Интеграциялық процестердің дамуы халықаралық тауар айырбасы мен оларды өндіретін факторлар қозғалысының артуының заңдылықты нәтижесі болып табылады. Бұл елдер арасындағы тұрақты өндірістік өнім өткізу байланыстарын қалыптастыру және халықаралық сауда мен өндіріс факторлары қозғалысындағы көптеген кедергілерді жоюды қажет етеді. Бұны жүзеге асыру мемлекетаралық интеграциялық бірлестіктер деңгейінде көп жақты саяси келісімдер негізінде ғана мүмкін болды [2].

XX-ғ. екінші жартысынан бастап жетекші индустриалды елдердің қарқынды экономикалық дамуы нәтижесінде және халықаралық транспорт пен байланыс құралдарының жетілдірілуіне байланысты тауарлар мен қызметтердің халықаралық саудасы күрт ұлғайды.

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда балансы мен макроэкономикалық көрсеткіштерінің серпіні келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 1- Қазақстан Республикасының макроэкономикалық көрсеткіштері

Атауы	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
<b>Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге</b>	<b>27571,9</b>	<b>30347,0</b>	<b>35275,2</b>	<b>38033,1</b>
өткен жылдың тиісті кезеңіндегі нақты есептеудегі %-бен	107,5	105,0	106,0	104,3
<b>Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млрд. теңге</b>	<b>15929,8</b>	<b>16851,8</b>	<b>18178,8</b>	<b>18492,8</b>
өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен	103,8	100,7	102,3	100,2
<b>Мембюджетке кірістер, млрд. теңге</b>	<b>5370,8</b>	<b>5813,0</b>	<b>6382,4</b>	<b>7321,3</b>
ЖІӨ-ге %-бен	19,7	19,3	18,1	19,2
<b>Мембюджеттен шығындар, млрд. теңге</b>	<b>5423,2</b>	<b>6269,0</b>	<b>6852,7</b>	<b>7791,9</b>
ЖІӨ-ге %-бен	19,9	20,9	19,4	20,5
<b>Мембюджеттің тапшылығы (-) / профициті (+), млрд. теңге</b>	<b>-568,6</b>	<b>-890,3</b>	<b>-700,9</b>	<b>-1086,7</b>
ЖІӨ-ге %-бен	2,1	3,0	2,1	2,9
<b>Тұтыну бағаларының индексі</b>				
өткен жылдың желтоқсан айына, %-бен	107,4	106,0	100,6	107,4
орташа есеппен өткен жылдың тиісті кезеңіндегі кезге арналған, %-бен	108,3	105,1	105,8	106,7
<b>Экспорт, млн. АҚШ долл.</b>	<b>84335,9</b>	<b>86 448,8</b>	<b>82511,8</b>	<b>78237,8</b>
өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен	139,9	102,5	95,4	92,4
<b>Импорт, млн. АҚШ долл.</b>	<b>36905,8</b>	<b>46358,4</b>	<b>48872,5</b>	<b>41212,8</b>
өткен жылдың тиісті кезеңіне %	118,6	125,6	105,4	84,4
<b>Сауда балансының сальдосы, млн. АҚШ долл.</b>	<b>47430,1</b>	<b>40090,4</b>	<b>33639,3</b>	<b>370253,0</b>
<b>Теңгенің АҚШ долларына қарағандағы ресми айырбас бағамы:</b>				
кезеңнің аяғындағы	148,4	150,4	153,6	182,4
кезең бойынша орташа	146,6	149,1	152,1	179,2
Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі [3]				

Халықаралық сауда бірте-бірте өндіріс факторларының (капитал, жұмыс күші, технология) халықаралық қозғалысының әр түрлі формаларымен толықтырыла бастады (кесте 2).

Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2013 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда төмендеген.

Сауда балансының сальдосы оң мәнге ие болған. Қазақстанның сауда айналымында Ресей, Қытай, Италия, Нидерланды, Франция үлкен орын алады. 2014 жылы Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің ақпараттары бойынша республиканың шетел мемлекеттерімен тауар айналымының негізгі бөлігі келесідей мемлекеттерге тиесілі: Қытай (14,4%), Италия (14,3%), Нидерланды (7,6%), Франция (4,8%), Швейцария (4%), Түркия (2,8%), Румыния

(2,7%), Австрия (2,6%), Германия (2,3%), Канада және Испания (2,3%-дан), АҚШ (2%).

Кесте 2 - Қазақстан Республикасының төлем балансы (млн. АҚШ долл.)

Операциялар	2009ж	2010ж	2011ж	2012ж	2013ж
<b>Ағымдағы операциялардың шоты</b>	-4120,8	1385,7	10198,6	1057,7	926,6
Сауда балансы	15003,9	28500,2	44844,1	38145,2	34792,3
Экспорт	43923,4	61391,7	85193,9	86931,1	85595,4
Импорт	28919,5	32891,5	40349,8	48785,8	50803,2
Қызмет балансы	-5978,0	-7249,6	-6635,2	-7929,9	-7094,7
Экспорт	4103,7	4119,0	4337,7	4828,2	5120,3
Импорт	10081,7	11368,5	10972,9	12758,1	12214,9
Бастапқы кірістер балансы	-12417,5	-19375,6	-27745,1	-28117,1	-25144,5
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1304,8	-1406,4	-1730,2	-1927,8	-1803,7
Инвестициялық кірістер	-11252,4	-18109,0	-26154,6	-26329,0	-23480,6
Алынатын кірістер	3033,3	2556,9	2088,1	1945,9	2176,7
Тікелей инвестициялардан кірістер	68,0	303,5	155,9	194,9	345,0
Портфельдік инвестициялардан кірістер	863,2	716,6	901,3	959,9	1094,4
Басқа инвестициялардан кірістер	2102,2	1536,8	1031,0	791,1	737,3
о.і. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы	820,9	827,8	1006,4	1028,0	1162,1
Төленетін кірістер	14285,7	20665,9	28242,8	28274,9	25657,3
Тікелей инвестициялардан кірістер	10960,9	17997,1	25213,2	24753,0	22506,1
Портфельдік инвестициялардан кірістер	251,4	922,8	1751,2	2070,3	1590,9
Басқа инвестициялардан кірістер	3073,4	1746,1	1278,4	1451,6	1560,4
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	139,8	139,8	139,8	139,8
Қайталама кірістер балансы	-729,2	-489,2	-265,1	-1040,6	-1626,4
<b>Капиталмен операциялар шотының балансы</b>	31,4	7898,0	31,8	15,4	-6,4
<b>Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)</b>	-3919,2	10631,8	9531,1	4319,3	-338,4
<b>Қателер және қалып қойғандар</b>	2638,7	6054,4	-398,9	-1060,3	-3638,4
<b>Жалпы баланс</b>	-2468,5	-4706,4	-300,4	4306,5	2379,7
<b>Қаржыландыру</b>	2468,5	4706,4	300,4	-4306,5	-2379,7
ҚҰБ-нің резервтік активтері	2468,5	4706,4	300,4	-4306,5	-2379,7
ХВҚ-тің кредиттері	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Айрықша қаржыландыру	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Статистикалық бюллетені» [4]

Қазақстанның 2014 жылғы минералды тауарлардың экспортының жалпы көлемінің үлесі 86,4% (2013ж. - 80,1%), металл және металдан жасалған өнімдері – 7% (9,2%), химиялық өнімдер – 3% (4,1%), мал және өсімдік өнімдері, сатылым тауарлары – 1,6% (3,2%), көліктер, құрал-жабдықтар - 1% (1,5%). 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылғы шет елдерге мал және өсімдік

өнімдері, сатылым тауарларының экспорты 28,5% өсті, минералды тауарлар 6% төмендеді, химиялық өнімдер – 14,8% азайған, металл және металл бұйымдары – 18,7% төмендеген, көлік және құрал-жабдықтар – 53,8% ұлғайған. 2014 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанда шет мемлекеттеріне импорттың жалпы көлемі 53,4% (2013 жылы -53,9%), химиялық өнімдер – 15,2% (15,6%), металл және металл бұйымдары – 9% (10,4%), мал және өсімдік өнімдері, сатылым тауарлары – 7,2% (6,7%), минералды өнімдердің үлесі – 1,3% (1,3%). Минералды өнімдердің алыс шетелге импорты (құндық бағалау бойынша) 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 7,1% төмендеген, мал және өсімдік өнімдері, сатылым тауарларының – 2% азайған, химиялық өнімдер – 11% азайған, көліктер мен құрал – жабдықтар – 9,7% азайған, еталл және металдан жасалған өнімдері – 21,5% кеміген [2].

Экономиканы интеграциялау оған қатысушылардың әрқайсысына, өзара саудамен шектелген елдерге қарағанда, қосымша жүйелі эффект деп аталатын артықшылықтарды алуға жағдай жасайды. Екінші жағынан алғанда, мемлекеттердің осындай ынтасы әлемде болып жатқан сапалық өзгерістерді көрсетеді және де қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларындағы, ең алдымен экономикалық жүйедегі интеграциялық процестердің дамуына жасалған оңтайлы жағдайлардан туындайды.

Біріншіден, әлем салыстырмалы түрде әскери шиеленістерден біршама сақтану жүйелерін қалыптастыра бастады. Елдер арасындағы даулы мәселелер мен шиеленістерді өз уақытында шешудің көптеген механизмдері жасалды.

Екіншіден, әлемде әр түрлі елдердің капиталдарының өзара кірігуінің қарқындылығы артты, сыртқы сауда қатынастарының ырықтандырылуымен халықаралық сауда ұлғаюда.

Үшіншіден, әлемде соңғы жылдары елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты реттеудің сенімді және тиімді механизмдері жасалып, табысты қолданылуда. Бұлар - кедендік, төлемдік, валюталық, экспорттық-импорттық және т.б. механизмдер мен нормалар.

Төртіншіден, жоғарғы технология және озық техниканың, информатика және т. б. қарқынды дамуы еңбек өнімділігін шұғыл арттыруға, тіпті жеке елдер мен региондардың нарығының тар болуына әкелуде. Оларға тауарлар мен қызметтер айналымының үздіксіздігін тездету қажеттігі, осыған бөгет жасайтын барлық кедергілерді жою үшін елдер арасындағы өнім алмасуға қатысты мәмілелерді неғұрлым көбірек жеңілдетуге итермелейді.

Бесіншіден, әлемдік нарықтағы бәсекенің сипаты мен ауқымы өзгерді. Жеке елдердің экономикасы дамуына және еңбек бөлінісінің терендеуіне байланысты бәсеке ел ішіндегі фирмааралық деңгейден шығып, еларалық, халықаралық сипат ала бастады.

Алтыншыдан, кейінгі жағдайлар айқын көрсеткендей, аймақтардың экономика және қаржы-қаражат нарықтарының өзара тәуелділігі күшейді. Оңтүстік-Шығыс Азия, Жапония және Латын Америкасы дағдарыстары аймақтардағы жеке елдер мәселесін ғана емес, бүкіл әлемдегі экономикалық жағдайды қамтиды.

Қазақстанда сыртқы экономикалық байланыстарды жетілдірудегі мемлекеттің орны маңызды. Қазақстанда сыртқы экономикалық байланыстар әлемдік шаруашылық жүйеге кірудегі экономикалық қызығушылықтарды артуына қарай жүргізіледі

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Кекилова Л.М. «Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қатынастарын мемлекеттік реттеу». //Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Экономика» факультетінің 20-жылдығына арналған «Тәуелсіздік туы – экономикалық өрлеу» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы» жылдығына арналған жас ғалымдардың еңбектерінің жинақтар. -Қызылорда, 2012.
- 2.// [www.ved.gov.ru](http://www.ved.gov.ru). Внешнеэкономическая деятельность РК.
- 3.// [www.minfin.kz](http://www.minfin.kz). Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сайты
4. // [www.Nationalbank.kz](http://www.Nationalbank.kz). Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Статистикалық бюллетені»

УДК 338.439

## **ИМПОРТОЗАМЕЩЕНИЕ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ КАК ФАКТОР ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ И РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ**

И.А. Вилков

Поволжский государственный технологический университет, г. Йошкар-Ола, Россия

Непростая геополитическая ситуация, сложившаяся в мире в последние несколько лет, заставляет всерьёз задуматься над проблемами национальной безопасности. Экономический аспект национальной безопасности, наряду с такими важными составляющими как финансовая, торговая, энергетическая, информационная и др., включает в себе проблему продовольственной безопасности, которая касается каждого без исключения человека.

Продовольственная безопасность - это обеспеченная ресурсным потенциалом и гарантиями способность государства удовлетворять потребности населения всех уровней доходов в питании в количестве, качестве и ассортименте, необходимых для его здоровья и расширенного воспроизводства, независимо от влияния внешних и внутренних факторов рыночной конъюнктуры [4].

"Продовольственная безопасность" - официально принятый в мировой практике термин, который используется для характеристики состояния продовольственного рынка и в целом экономики страны или группы стран.